

## Қазақстан Республикасы аумағына тауарларды уақытша әкелгенде қосылған құн салығын төлеуден босатудың тәртібін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 16 шілдедегі № 351 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 30 шілдеде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6359 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 2 мамырдағы № 229 бұйрығымен.

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2012.05.02 № 229 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**Қолданушылардың назарына!!!**

**Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз.**

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 276-15-бабына сәйкес  
**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы аумағына тауарларды уақытша әкелгенде қосылған құн салығын төлеуден босатудың тәртібі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Салық комитеті (Д.Е. Ерғожин) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркелуін және оны кейіннен бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы бірінші ресми жарияланғаннан күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2010 жылғы 1 шілдеден бастап пайда болған қатынастарға қолданылады.

*Министр* *Б. Жәмішев*  
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң  
2 0 1 0 ж ы л ғ ы 1 6 ш і л д е д е г і  
№ 351 бұйрығымен бекітілген

## Қазақстан Республикасы аумағына тауарларды уақытша әкелгенде қосылған құн салығын төлеуден босатудың тәртібі

1. Осы Тәртіп «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 276-15-бабы 3-тармағына сәйкес әзірленген және тауарларды, оның ішінде көлік құралдарын

кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелгенде қосылған құн салығын (бұдан әрі - ҚҚС) төлеуден босатудың тәртібін айқындайды.

## 2. Осы Тәртіптің мақсатында:

1) кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелу (бұдан әрі – уақытша әкелу) - Қазақстан Республикасының аумағынан кейіннен қасиеттері мен сипаттарын өзгертпей әкету туралы міндеттемемен тауарларды, оның ішінде көлік құралдарын әкелу;

2) Міндеттеме – уақытша әкелінген тауарларды, оның ішінде көлік құралдарын Қазақстан Республикасының аумағынан кейіннен әкету туралы міндеттеме;

3) Есеп – міндеттемені орындау туралы есеп.

3. Тауарларды, оның ішінде көлік құралдарын Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелгенде ҚҚС төлеуден босату бір уақытта мынадай шарттарды сақтаған жағдайда беріледі:

1) тауарлар, оның ішінде көлік құралдары Салық кодексінің 276-15-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген, кеден одағында ҚҚС төлеуден босатумен Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелетін тауарлар тізбесіне енгізілген;

2) міндеттеме табыс етілсе;

3) Уақытша әкелінген тауарлардың болу орны міндеттемеде көрсетілген болу орнына сәйкес келуі;

4) табиғи тозуы немесе табиғи шығын болу себебінен өзгерулерді қоспағанда, уақытша әкелінген тауарлар тасудың (тасымалдаудың), сақтаудың немесе қолданудың (пайдаланудың) қалыпты жағдайы кезінде жай-күйі өзгеріссіз қалады. Ұсақ жөндеу операцияларын, техникалық қызмет көрсету және басқа да операцияларды қоса алғанда, тауарларды қалыпты жағдайда ұстауды, олардың сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті операциялар жасауға болады.

4. Кеден одағына мүше мемлекеттің салық төлеушісімен (төлеушімен) тауарларды уақытша әкелуге негіз болатын келісім (шарт) жасасқан Қазақстан Республикасының салық төлеушісі, салық органына табыс еткен Міндеттемеге, басшы мен бас бухгалтердің (болған жағдайда) қолдарымен және салық төлеушінің мөрімен куәландырылған (болған жағдайда) мынадай құжаттардың көшірмелері қоса беріледі:

1) Кеден одағына мүше мемлекеттің салық төлеушісімен (төлеушімен) Қазақстан Республикасы салық төлеушісі арасындағы тауарларды уақытша әкелуге негіз болған келісім (шарт) немесе басқадай құжат;

2) кеден одағына мүше мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының

аумағына уақытша әкелінген тауарлардың ауысуын растайтын ілеспе жүк құжаттары.

5. Салық төлеуші салық органына өткізген Міндеттеменің негізінде салық органымен Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес әкелу күніне төлеу мерзімі бойынша бюджеттік сыныптамасы бойынша салық төлеушінің тиісті дербес шотына ҚҚС есептеуді жүргізіледі.

Бұл ретте тауарларды уақытша әкелу мерзіміне ҚҚС бойынша төлеу мерзімі кейінге шегеріледі және өсімпұл есептелмейді.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2011 жылғы 25 ақпандағы № 102 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.**

6. Уақытша әкелінген тауарларды Міндеттемеде көрсетілген мерзімнен бұрын әкеткенде және салық органына Есепті табыс еткен кезде, салық төлеушінің дербес шотында бұрын есептелген ҚҚС сомасына түзету жүргізіледі.

7. Тауарларды уақытша әкелгенде ҚҚС төлеуден босату Міндеттемеде көрсетілген мерзімге беріледі.

8. Әкелу уақытында ҚҚС төленбеген Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелген тауарларды әкетпеген жағдайда, тауарларды әкелу салық салу мақсатында салық салынатын импорт деп танылады және Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды әкелген күннен бастап Салық кодексінің 268-бабының 1-тармағына белгіленген ставка бойынша қосылған құн салығымен салық салуға жатады.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелген тауарларды әкетпеу болып мыналар саналады:

- 1) Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелген тауарларды Міндеттемеде белгіленген мерзімде әкетпеу;
- 2) Міндеттеменің және (немесе) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мерзімдерде Есепті табыс етпеу;
- 3) мұндай тауарларды кейіннен өткізу және (немесе) басқа тұлғаға беру;
- 4) салық зерттеуінің нәтижесі бойынша Міндеттемеде көрсетілген орында уақытша әкелінген тауарлардың болмау фактісін анықтау;
- 5) тауарларды осы Тәртіптің 3-тармағы 4) тармақшасында көзделген шарттарды бұзу арқылы әкету.

Бұл ретте салық қызметі органы Салық кодексінің 276-8-бабының нормаларына сәйкес салық салынатын импорттың көлемін түзетеді.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2011 жылғы 25 ақпандағы № 102 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.**

9. Жеке және заңды тұлғалар тауарларды, оның ішінде көлік құралдарын

өткізу және (немесе) басқа тұлғаға беру, сондай-ақ кіріс алуға бағытталған қызметті жүзеге асыру (көрме, жәрменкелерді қоспағанда) мақсатында емес кедендік одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасы аумағына әкелгенде, осы Тәртіптің 3-тармағы 1-3) тармақшаларында көзделген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК